

«Кедентранссервис» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) атынан Сізді қарсы алуға және өзара тиімді ынтымақтастыққа қызығушылық білдіруге рұқсат етіңіз.

Осы хатпен Қоғам Сіздің назарыңызға жүк тасымалдау құнын ұсынады:

Маршрут		Жүк атауы	Жылжымалы құрам түрі	Жөнелту түрі	ҚҚС-сыз, АҚШ долларымен тарифтік шарттар
Жөнелту станциясы	Тағайындау станциясы				30 (40 футтық) СПС контейнер
Алматы 1 (ГТС-1, КДТС Филиалы, Алматы торабы)	НОД – 1,2	Бос контейнер ЕТСНГ – 391498	Фитингті платформа	Контейнерлік пойыз	1 100
НОД – 1,2	Алтынкөл (эксп.) / Достық (эксп.)	Бидай ЕТСНГ 011005; Арпа ЕТСНГ 014003; Бидай ұны ЕТСНГ 501012/501027/501031; Бидай кебегі ЕТСНГ 505028; Араластырылған жем (комбикорм) ЕТСНГ 541024; Жемдік ұн 542149; Зығыр тұқымы ЕТСНГ 021079; Майлы дақылдар тұқымы ЕТСНГ 021083	Фитингті платформа	Контейнерлік пойыз	

Ұсынылған бағаларға кіреді:

- Вагон ұсыну;
- ҚТЖ теміржол тарифінің төлемі;
- Бескөл – Достық (эксп.) телімінде контейнерлерді бекіту үшін алым;
- Достық, Алтынкөл станцияларында тасымалданатын жүктерге кедендік қарап-тексеру алымы;
- Экспедитордың сыйақысы.

Бағаға кірмейтіні:

- Жөнелту және тағайындау станцияларындағы терминалдық қызметтер;
- Контейнерлерді ГТС-1 терминалына жеткізу (автокөлікпен);
- Контейнер беру;
- ҚХР аумағындағы тарифтік шарттар;
- Кедендік рәсімдер;
- Контейнерлік пойызды қалыптастыру үшін алым.

Алматы станциясы (ГТС-1, КДТС Филиалы, Алматы торабы) бойынша фитингті платформаны беру – 2 (екі) тәулік, НОД-1,2 станциялары бойынша – 5 (бес) тәулік, Алтынкөл (эксп.)/Достық (эксп.) станциялары бойынша – 2 (екі) тәулік. Келісілген мерзімдердің сақталмауы жағдайында Тапсырыс беруші әр вагон үшін тәулігіне 33 АҚШ доллары мөлшерінде айыппұл төлейді, түпкілікті сомаға қосымша қосылған күн салығы (ҚҚС) есептеледі.

Коммерциялық және/немесе техникалық жағынан жарамсыз платформаларды қайтару фактісі қолданыстағы жүк вагондарын пайдалану қағидаларына сәйкес жасалған жалпы нысандағы Актімен расталады. Жоғарыда көрсетілген актіні жасау мүмкін болмаған жағдайда, Экспедитор жарамсыз платформаның фотосуретін тапсырыс берушінің электрондық поштасына жолдайды.

Контейнерлік пойыздарға арналған ставкалар ұзындығы кемінде 57 шартты вагоннан тұратын бір құраммен жөнелту көлемі сақталған жағдайда қолданылады.

Контейнерлік пойыздарға арналған ставкалар контейнерлік пойыздар графигінің келісілген жіп (нитка) кестесі болған жағдайда қолданылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер органдары импорттық, экспорттық және транзиттік қатынастарда тауар декларациясын, транзиттік декларацияны пайдалану арқылы тауарларды кедендік ресімдегені үшін алымдар шығару жағдайында, аталған алымдар 2023 жылғы 15 тамыздан бастап (02.08.2023 ж. №631 ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес) «Кедентранссервис» АҚ атына ұсынылған әрбір декларация/тауар үшін Клиентке қайта ұсынылады.

Темір жол әкімшіліктері тарапынан теміржол тарифтері өзгерген (индекстелген) жағдайда ставкалар қайта есептеледі.

***Контейнерлерді ГТС-1 терминалына автожеткізудің бірінші милін «Қазақстан Көлік Холдингі» ЖШС жүзеге асырады.**

• Тасымалдаушы/қоса орындаушы тарапынан «Кедентранссервис» АҚ атына қосымша алымдар ұсынылған жағдайда, бұл алымдар Сіздің атыңызға қайта есептеледі.

Көрсетілген тарифтер 2026 жылдың 1–30 сәуір аралығында жарамды.